Әділет

# Мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек жасау туралы

## *Күшін жойған*

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 13 сәуірдегі № С-25/4 шешімі. Ақмола облысы Бурабай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 мамырда № 1-19-178 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № С-40/15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2011 12.23 № С-40/15 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес Бурабай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мұқтаж азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек берілсін:

бір жолғы материалдық көмек отбасының (азаматтардың) табысын есептемей беріледі:

1) жерлеуге:

қайтыс болған балаға;

қайтыс болған жұмыссыз азаматтарға, егер қайтыс болған күні жұмыспен қамту уәкілетті органында есепте тұрса - он айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленеді. Өтініш қайтыс болған күннен 6 ай ішінде берілуі қажет;

2) ауданның тұрмысы төмен отбасынан және ауылды жерде тұратын көпбалалы отбасынан шыққан, колледждерде оқитын студенттерге оқуы үшін жылдық төлем мөлшерінде;

3) туберкулезбен ауыратындарға амбулаториялық емделу кезінде қосымша тамақтану үшін 5000 теңге көлемінде;

4) мүгедектер мен мүгедек балаларға Қазақстан Республикасының тиісті медициналық мекемелерінде емделуге немесе тексерілуге бару – келу жолақысы жол жүру билеті негізінде төленеді

5) Жеңіс Күніне арналған бір жолғы ақшалай төлемдер:

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектеріне – 5000 (бес мың) теңге;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары

құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына - 3000 (үш мың) теңге;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің қайта некеге тұрмаған жесірлеріне – 3000 (үш мың) теңге;

«Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен марапатталғандарға – 3000 (үш мың) теңге;

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік социалистік республикалар одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталғандарға – 3000 (үш мың) теңге.

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюдың жылдығына - Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысу себебінен мүгедек болған тұлғаларға - 5000 (бес мың) теңге.

6) комиссияның анықтауы бойынша өрт болғанда шығын дәрежесін есепке алумен отыз бес айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі өтемақы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту мен толықтырулар енгізілді - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2010.10.29 № С-28/2 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2011.04.08 № С-32/3 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2011.07.07 № С-33/19 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен

2. Отбасының ай сайынғы табысы есептелмей берілетін көмек:

1) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлерінде, геттоларында және басқа да күшпен ұстаған жерлерінде жасы кәмелетке жетпеген тұтқындарына–бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, дәрігерлік сараптама коммисиясының шешімі бойынша подгузник алуға – 5000 теңге мөлшерінде;

3) мүгедек балалардың емдеу мекемелеріне баруы үшін, қала бойынша ақысыз жүруіне;

3. Щучье аудандық маслихатының «Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережелерін бекіту туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-19-141 тіркелген, 2009 жылғы 15 қаңтарда «Бурабай» және «Луч» газеттерінде жарияланған) 2008 жылғы 13 карашадағы № С–9/3, Щучье аудандық маслихатының «Щучье аудандық маслихатының 2008 жылғы 13 қарашадағы № С–9/3 «Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережелерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-19-141 тіркелген, 2009 жылғы 18 маусымында «Бурабай» және «Луч» газетерінде жарияланған) 2009 жылдың 24 сәуірдегі № С–13/14, күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім 2010 жылғы 1 қаңтардан туындаған қатынастарға таралады.

5. Осы шешім Ақмола облысы Бурабай аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың*
*XXV сессиясының төрағасы Н.Туманова*

*Аудандық*
*мәслихаттың хатшысы Г.Марченко*

«КЕЛІСІЛДІ»

*«Бурабай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі*
*бастығының міндетін атқарушы О.Шестибрат*

*Бурабай ауданының әкімі В.Н.Балахонцев*

*«Бурабай ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі»*
*мемлекеттік мекемесінің бастығы Г.А.Тінәлинова*

*«Бурабай ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік*
*мекемесінің бастығы В.И.Корнеева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК